



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен Ө.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Өзгерістерді өзіннен баста» кіші бағдарламасына орай мемлекеттік органдардың жауапты қызметкерлерінің қатысуымен «галстуксіз» бейресми кездесу өткізілді.

**«Өзгерістерді өзіннен баста» кіші бағдарламасы мемлекеттік органдарды, сондай-ақ құқық қорғау, сот органдары мен олардың қарамағындағы ұйымдарды және квазимемлекеттік секторды жаңғыртуға бағытталған.**

Кездесу мемлекеттік қызметшілер арасында еркін сұхбат аланы ретінде бейресми форматта өтті. Сұхбат барысында мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің ой-санасы мен ойлау әдісін өзгерту, жанашыл он өзгерістерді қолдану мәселелері талқыға салынды.

**Департаменттің бас маманы Анар Сәлімжан «Елбасының бағдарламасын тиімді жүзеге асыру үшін, мемлекеттік қызметшілердің ой-санасы кен ауқымда трансформациялануы қажет екендігін» баса айтты.**

Кездесуге қатысушылар он өзгерістерді қалыптастыру бойынша нәтиже-пікірлерін білдіріп, көкейіндегі сауалдарын ортаға салды.

**Б.Әбдіқадыров**